

Өзен



* **АРНАЙЫ БАСЫЛЫМ** желтоқсан 2021 жыл «ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

Қадірлі әріптестер!

Сіздерді жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Баршаға жан шуағы мен жайдары көңіл-күй сыйлайтын бұл мереке өткен жылға баға беріп, болашаққа тың қадам жасайтын, рухани серпін беретін, жақсылыққа ұмтылдыратын, жарқын өмірге жол сілтейтін сәт. Барша адамзат жаңа жылға таза ниетпен, болашаққа деген мол сеніммен қадам жасағанды қалайды. Біз осынау мерейлі мереке қарсаңында қол жеткізген табыстарымызды үлкен мақтанышпен айтамыз.

Мұнай саласында серпінді жұмыстар жүргізілді. Жасампаз жобалар жүзеге асып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық әл-ауқаты артты. Бұл жобалардың жүзеге асуына мұнайшылардың қосқан еңбегі аса зор.

Өзенмұнайгаздықтардың ынтымағы мен бірлігінің және еңбекке деген құштарлығының арқасында өңіріміздің дәулеті мен сәулеті артып, әл-ауқатымыз жылдан-жылға жақсаруда. Жаңа жыл еліміз үшін берекелі болып, барша шаңыраққа шуақты шаттық әкелсін! Сіздерді Жаңа жыл мерекесімен құттықтай отырып, елімізге тыныштық, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке тілеймін! Жаңа жылымыз табысты, еңбегіміз жемісті болғай!

**Құрметпен, «Өзенмұнайгаз» АҚ
бас директоры Есен Өтеев**



Скважиналарды бұрғылау және күрделі жөндеу департаменті атқарған жұмыстары

2021-жылдың 11 айы бойынша «Өзенмұнайгаз» АҚ бойынша Өзен және Қарамандыбас кен орындарында пайдалану скважиналарын бұрғылау жұмыстарын «Бұрғылау» ЖШС серіктестігі жүргізді. Есеп аралық мерзімде 251 874 метр тау кенті қазылып, 173 пайдалану скважина қазылып бітіру жоспарланған. Нақты 272 265 метр тау кенті қазылып, 187 пайдалану скважина қазып бітірді, оның 137-і мұнай скважинасы, ал 50-і су скважинасы.

2021-жылдың 11 ай бойынша «Өзенмұнайгаз» АҚ бойынша 750 скважина күрделі жөндеумен бітіру жоспарланған. Нақты күрделі жөндеумен біткен саны 798 скважина, соның ішінде 556 мұнай скважинасы болса, 232-і су скважинасы.

Мұнай және газ өндіру департаменті тарапынан жасалынған жұмыстары

«Өзенмұнайгаз» АҚ Мұнай және газ өндіру департаменті (МжГӨД) тарапынан жасалынған жұмыстар:

Қоғам бойынша 2021 жылы 5 346 400 тонна межеленіп нақты 5 327 026 тонна мұнай өндірілді, қалыс қалу – 19 374 тонна, 5 314 478 тонна мұнай тапсырылды. Сонымен қатар 2021 жылы 4 702 тонна газ конденсаты 484, 076 млн м3 ілеспе газы, 184, 734 млн м3 табиғи газы өндіріліп отыр.

Соңғы жылдарды атқарылған негізгі жұмыстар:

1. Қоғам жұмысындағы басты мақсаттардың бірі скважиналардың жөндеу аралық кезеңін ұлғайту екендігі

жұмыстары тоқтамайды, топтық қондырғылардағы тозығы жеткен сыйымдылықтарды түгелдей ауыстыру жоспарда бар.

3. Мұнай кәсіпшілігінде қолданылатын қондырғылар мен жабдықтарды коррозия, тұз шөгінділері, механикалық қоспалар, парафин шөгінділері және сульфат тұзуші бактериялардың белсенділігінен болатын күрделі жағдайлармен күресу мақсатында әртүрлі кешенді шаралар жүргізілуде. Атап айтар болсақ, қазіргі таңда скважиналарға капилляр құбырлар арқылы коррозия және тұзға қарсы ингибиторлар айдау арқылы скважиналардың жөндеу аралық кезеңі 50-60 тәуліктен 115-120 тәулікке дейін артып отыр.

Соныменқатар, қолданыстағы коррозия мен тұзға қарсы реагенттердің тиімділігіне мониторинг жасау мақсатында «АВАІ» ақпараттық жүйесі тәжірибелік сынақтан өтіп, өндіріске енгізілуде.

Ең тиімді химиялық реагенттерді таңдау ғылыми-зерттеу институтымен бірлесе отырып жыл сайын жүргізілуде.



2021 жылдан бері МжГӨД бастамасымен мұнай және су құбырларының ішкі қабаттарын тұз шөгінділерінен тазалау жұмыстары жүргізіліп жатыр, осы күнге дейін мұнай өндірісінде жұмыс жасап тұрған, алайда ішкі қабаты тұз шөгінділерімен бітеліп қалып көптеген құбырлар жарамсыз болып қалып отыр, аталған құбырларды ауыстыру – құбырды сатып алу, монтаж жұмыстарын есепке алғанда өте үлкен қаражатты қажет етеді, осы мәселені шешу мақсатында құбыр ішіне арнайы скребок жіберу арқылы тазалау технологиясы қолданылды, жалпы айтқанда технология өз тиімділігін көрсетті, осыған байланысты алдағы жылдарда осы технологияны кеңінен пайдалану жоспарланып отыр.

2. Топтық қондырғылардағы сыйымдылықтарды жаңарту жұмыстары: Соңғы жылдары барлық топтық қондырғылардағы буфер сыйымдылықтары және үш фазалы сепараторларды жаңарту жұмыстары жүргізілуде, айта кететін болсақ 2019 жылдан бері қарай 50 дана буфер сыйымдылықтары және 6 дана үш фазалы сепараторы жаңартылды, аталған сыйымдылықтардың бұрынғыларынан артықшылығы кенорынның аса жоғары агрессивті мұнай флюидіне төзімділігі, яғни ішкі қабатына коррозияға қарсы полимерлік қабатпен қапталған. Алдағы уақытта да сыйымдылықтарды жаңарту

жұмыстары тоқтамайды, топтық қондырғылардағы тозығы жеткен сыйымдылықтарды түгелдей ауыстыру жоспарда бар.

4. 2019ж. желтоқсан айында және 2020ж. наурыз айында №1 және №2 мұнайдан суды алдын ала айыру қондырғылары цехында сыйымдылығы 20000 текше метрлік 2 дана тік болат қазандары жаңадан құрастырылып салы-



нып, іске қосылды. Аталған қазандарды салудағы басты мақсатымыз – мұнаймен ілесе шығатын суды қабатқа айдар алдында мұнай қоспаларынан тазалау, нақты айта кететін болсақ қабатқа айдалатын судың құрамындағы мұнай осыған дейін 60мг/л болса, қазандар іске қосылғаннан кейін 20-25мг/л дейін азайып отыр, сонымен қатар механикалық қоспалар мөлшері 50 мг/л көрсеткіштен 15-23 мг/л дейін азайып отыр, бұл көрсеткіштер жалпы айтқанда қабат қысымын сақтау кешенінде электроэнергия ажыраған



жағдайда су сақтайтын сыйымдылығында 10 сағатқа дейін суды сақтау уақытын ұзартуға мүмкіншілік береді және қабат қысымын сақтау сораптары мен су айдау скважиналарының жөндеу аралық кезеңінің ұзаруына септігін тигізіп отыр.

5. Ағымдағы жылдың қараша айында мұнайды дайындау және өндіріске қызмет көрсету басқармасына қарасты ұзындығы 2 шақырымға жуық мұнай айдайтын диаметрі 710 мм металл құбыр полимер құбырға ауыстырылды. Осындай заманауи материалдарды қолдану арқасында құбырдың жөндеу аралық кезеңі едәуір ұлғайып, сенімділігі артып,

және коррозия мен агрессивті қоспаларға қарсы тұру мүмкіндігі артады деп күтілуде. Аталған жұмыстар алдағы уақытта да жоспарлы түрде жалғаса береді.

6. Мұнайды өндірумен қатар, өндірілген мұнайды дайындау Қоғамның ең өзекті жұмыстарының бірі екендігі анық. Өзен және Қарамандыбас кен орындарынан өндірілген мұнайдың сапасын халықаралық стандарттарға шаққанда ең жоғарғы, яғни 1-ші сұрыпта дайындалады. Мұнайды дайындауда өзекті мәселелердің бірі қиын ажыратылатын мұнай эмульсиясын тазалау, скважиналардың мұнай өнімділігін арттыру мақсатында пайдаланып отырған әр түрлі технологиялар, сонымен қатар басқа да көптеген кері әсер етуші факторлар мұнай дайындау қазандарына мұнаймен бірге әр түрлі механикалық қоспалар, тұз шөгінділері, химиялық қоспалар тағы сол сияқты басқа да мұнайды дайындауда қиындық туғызатын эмульсияларды алып келеді, уақыт өте келе қазандардың жұмыс жасау өнімділігі азаяды, аталған мәселені шешу мақсатында эмульсияны үш фазаға, яғни, мұнай, су және қатты қалдықтарға бөлетін трикантерлік

қондырғысы арқылы жүзеге асырылады. Қондырғының жұмыс жасау принципі белгілі бір жылдамдықпен айналатын центрифуга, яғни центрифуганың әр түрлі жылдамдығында эмульсияның тығыздығына байланысты әуелі қатты қалдықтар, одан кейін су және соңында мұнай болып бөлінеді. Қоғам бойынша трикантер қондырғысымен жыл сайын 100 000 м3 қиын ажыратылатын мұнай эмульсиялары өңделіп отыр.

Сонымен қатар алдағы уақытта да мұнай өнімділігін арттыруға және жер асты, жер үсті жабдықтарының сапасын арттыруға бағытталған жұмыстар жалғастырыла беретін болады.



«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

ҚАЗБА БАЙЛЫҚТАРЫН БАРЛАУ - КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕ

Геология мен геофизика салаларының кен игерудегі орнының ерекше екендігі белгілі.

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамында Өзен Қарамандыбас кен орнын қосымша барлаудың 2017/2021-жылдарға арналған толық бағдарламасы» аясында «Қарамандыбас кен орнындағы мұнай мен ерітілген газ қорларын С2 санатынан С1 санатына ауыстыру» бойынша жұмыстар жүргізілді. Сонымен қатар, «Қарамандыбас кен орнының игерілмеген учаскелерін одан әрі зерттеу бойынша ұсыныстар бере отырып, геологиялық құрылымды нақтылау», «Өзен кен орнының Парсумурун арка орта юра шөгінділерінің құрылымын және өнімділігін анықтау» тақырыптары бойынша жұмыстары толық жүргізілді.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде 2017-2020 жылға С1 санатының қалдық мұнай қорының өсімі 13 млн тоннаны құрады.

Сонымен қатар, «Қарамандыбас кен орнының газ қорын қайта есептеу және ТЭН МҚК» тақырыбы бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Аталған күрделі әрі ауқымды нәтижесі болып отырған «Өзен кен орнының Юра шөгінділерінің қоры және ТЭН МҚК, ГҚК, 01.07.2021-жылға жағдайы»

атты есеп 2020/2021- жылдар аралығында «ҚМГИ» ЖШС-нің «КазФЗЖИмұнайгаз» филиалы жүргізді. Қазіргі таңда; яғни 2021-жылдың аяғында ҚР Мемлекеттік Қор комиссиясында қарастырылуда, нәтижесінде қалдық мұнай қорының өсімі 37 млн тонна деп күтілуде.

16.06.2010-ж. №3579 келісім-шарт ҚР Энергетика министрлігі БЖИОК шешімі бойынша ұзартылмауына байланысты өкіметке қайтарылды. Аталмыш келісім-шартты қайтару мақсатында кешенді шаралар жасақталып, оның ішінде барлау жұмыстарының есебі және де барлық барлау ұңғыларының сағаларын жөндеп, ретке келтірілді, бұлар оны мемлекеттік орган өкілдерімен қабылданды.

2018/2019- жылдары аралығында 3 өлшемді (ЗД) 669 шаршы км. сейсморбарлау нәтижесі арқылы төменгі триас және юра қабаттарының қорларын анықтау мақсатында Өзенкенорнының әрекет қорынан бірқатар ұңғылардың тізімі мен жаңа ұңғылар бұрғылауға перспективті аймақтар анықталып, «Өзенмұнайгаз» АҚ Өзен-Қарамандыбас кен орнын қосымша барлау бағдарламасы шеңберінде аталған жұмыстар қарастырылуда.

2016/2017-жылдары 3 өлшемді (ЗД) 550 шаршы км. сейсморбарлау жұмыстары Пале-

озой жасындағы Өзен-Палеозой құрылымын анықтап, көмірсутек қорлары бар екендігі расталды. Геология және геофизика департаментінің осы қорларды анықтау мақсатында алдағы уақыттағы жоспары:

- Барлау және қосымша барлау жұмыстарын жүргізу келісім-шартын алу;
- PZ-1a барлау-іздігіру ұңғысын бұрғылау;
- PZ-1a қорытындысымен PZ-1 барлау-іздігіру ұңғысын бұрғылау.

Қосымша барлаудың мақсаты – геологиялық және геофизикалық мәліметтерді мұқият талдау арқылы егжей-тегжейлі геологиялық модельдер жасау арқылы қорларды ұлғайту және өндіруді арттыру болып табылады. Қосымша геологиялық барлау тиімді шығындармен ресурстық базаны игеруден бастап көп табысты қамтамасыз етуге көмектеседі және мұнай компанияларының қорларын толықтырудың маңызды жолы болып табылады.

«Өзенмұнайгаз» АҚ бойынша Өзен және Қарамандыбас кенорындарында жаңа ұңғылар бұрғылануда. 2021-жылға 187 ұңғыда 272 920м таулы-жыныстарды бұрғылау және 217 051 тонна мұнай өндіру жоспарланған болатын, нақты бұрғылау жоспары орындалып, қосымша 225 226 тонна мұнай өндіру күтілуде.



Геология және геофизика департаментінің басты мақсаттарының бірі - «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның мұнай және газ өндіру жоспарының орындалуына ату-жару жұмыстары мен геофизикалық зерттеулерді қамтамасыз ету.

Геофизикалық зерттеулердің қазіргі таңда мұнай және газ өндіру саласының ажырамас бөлігі болып табылатыны анық. Қолданыстағы нысандардың игеру жүйесінің тиімділігін бағалау мақсатында және оны жетілдіру бойынша іс-шаралар жасақтау үшін 2021 жылдың өндірістік бағдарламасына 2869 ұңғыда түрлі геофизикалық зерттеулер орындау жоспарланды. Жоспарланған геофизикалық зерттеулер жылдың соңына дейін артығымен 2895 ұңғыда орындалады деп күтілуде. Геофизикалық зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша күрделі жөндеу және

жер-асты жөндеу бригадалары арқылы суланған қабаттарды оқшаулау, басқа қабаттарға көшу, пайдалану тізбегінің ақауын цементтеу арқылы және қосымша тізбек түсіру арқылы оқшаулау жұмыстары орындалып, бұл шаралардың қосымша мұнай өндірудегі атқаратын ролінің жоғары екендігін айтып өткен жөн.

Оған қоса, ұңғылардың түбіне әсер етудің ең арзан және тиімді әдістерінің бірі болып табылатын ату-жару (қайта және қосымша ату) жұмыстары. Жер асты жөндеу бригадалары күшімен ағымдағы жылы қайта және қосымша ату жұмыстарынан жоспарлы 47 764 тонна орнына 60 388 тонна қосымша мұнай өндіру күтілуде. Сонымен, жылдық қорытынды бойынша ату-жару жұмыстарынан 12 624 тонна мұнай артығымен орындалуы межеленді.



Персоналды басқару және дамыту департаментінде 10 қызметкер жұмыс жасайды. Департаменттің негізгі мақсаттары сұраныс негізінде мамандық, кәсіп және біліктілік бойынша білікті персоналмен қамтамасыз ету, «Өзенмұнайгаз» АҚ персоналын оқыту және бағалаудың тиімді жолын енгізе отырып персоналды басқару жүйесін жаңарту, «Өзенмұнайгаз» АҚ дамуының жалпы мақсатына және кадрлық саясаттың нақты бағытына сәйкес персоналмен жұмыс ұйымдастыру.

Қазіргі таңда «Өзенмұнайгаз» АҚ бойынша барлығы 9224 жұмыскер қызмет атқарады, оның ішінде негізгі өндірістегі жұмыскерлер саны -3903, транспорттық қызмет көрсету ұйымдарында-3473 жұмыскер болса және қосалқы ұйымдардағы жұмыскер саны 1531, сонымен қатар Басқарма аппаратында Корпоративтік оқу орталығымен қоса 317 жұмыскер бар. Барлық жұмыскерлердің 81% үлесі ерлер де, қалған 19%-ы әйел адамдар болып табылады. Компаниямыздың орташа жасы 41; орташа еңбек өтілі 27 жыл.

Персоналмен қамту бойынша Қоғам қандай бір қиындықтарға қарамастан 2020 жылдың қаңтар айынан бері жүйелі түрде кезек кезеңімен негізгі штатқа қабылдауды «аутсафтинг» ұйымынан ауыстыру арқылы жүргізіп келеді. Атап айтқанда 2020 жылы 154 жұмыскер, 2021 жылы 280 жұмыскер негізгі штатқа ауысты. Жаңаөзен қаласының әкімдігімен бірге жасақталған жүйеге сәйкес өндірістік басқармалардағы «аутсафтинг» ұйымына жүйеге(схема) енгізілген мекемелерден(«Өзенинвест»МҚК, «Таза Су»ЖШС,

іштен жану двигателін(ДВС) жөндеу бойынша автослесарь, автомобильдің электржабдықтарын жөндеу бойынша автослесарь т.с.с) бойынша іріктеу жүргізіліп, 76 маман «аутсафтинг» ұйымына жұмысқа қабылданды. Қоғам бойынша зейнеткерлікке шыққан, қайтыс болған және мүгедектігіне байланысты еңбектен қол үзген жұмыскерлердің әлеуметтік жағдайын көтермелеу мақсатында өтініштерін ескеріп, өндірістік басқарма комиссиясының ұсынысымен жанұя мүшелерінен 2020 жылы 93, 2021 жылы 159, яғни 252 адам «Өзенинвест» МҚК-на жұмыс орналасты. Қазіргі уақытта аталған санаттағы азаматтардың жанұя мүшелерін жұмыспен қамту мәселесі күн тәртібінен түспей, саны 600-ге жуықтады, сондықтан алдағы уақытта босаған орындарға байланысты кезегімен жүргізіле береді.

Жұмыскерлердің кәсіби біліктілігін арттыру және оқыту бағыты бойынша кешенді оқыту жоспарына сәйкес, жұмыскерлерді қауіпсіздік ережелері бойынша оқыту процесстері Корпоративтік оқу орталығында жүргізіліп, 183 мамандық бойынша 4978 жұмыскер оқытудан өтті. Арнайы ИТҚ жұмыскерлері үшін онлайн оқыту платформасы іске қосылып, 1744 қызметкер өз білімдерін жетілдірді. Негізгі өндірістегі мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында 38 маманға модульдік оқу курстары өткізіліп, 274 жұмыскерге психологиялық тұрақтылық және қаржылық тақырыптарында оқу-тренингтері ұйымдастырылды. Құрылымдық басқарманың екі жетекшісі және орта буындағы басшылардан 11 инженер еліміздің беделді

БІЛІКТІЛІК - ЗАМАН ТАЛАБЫ

«Verity Group» ЖШС) 2020 жылы 182, 2021 жылы 278 жұмыскер жұмысқа қабылданды.

Сонымен қатар, 2021 жылы практикалық сынақ тапсыру арқылы сирек қолданыстағы мамандықтар (электржазбен дәнекерлеуші, электржабдықтарын жөндеу бойынша электромонтер, бақылау-өлшеу аспаптарын жөндеуші, электронды жөндеуші, отын аппаратын жөндеу бойынша автослесарь,

университеттерінде MBA дәрежесі бойынша оқудан өтуде.

Мұнай-газ өндіру аға шеберлері, жерасты жөндеу шеберлерінен құрылған «Кәсіби шебер» тақырыбында модульдік оқу бағдарламасының түлектері тәжірибе алмасу мақсатында Татарстан Республикасындағы «Татнефть» АҚ қарасты кенорынға барып, өз біліктіліктерін жетілдіріп келді. Алдағы уақытта мұнай-газ өндіру цехтарының аға механиктері біліктілігін арттыру іс-шаралары ұйымдастырылып, оқу процесстері жалғасын таба бермек.

Жаңаөзен қаласының білімді жастарын көтермелеу мақсатында «Геология және кенорынды игеру» «Мұнай кәсіпшілік жабдықтарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету» «Экономика, есеп және аудит» бағыттары бойынша оқу орындары үздік үлгеріммен бітірген жастарға арналған «Жас маман» бағдарламасы іске қосылды. Конкурс ережесіне сәйкес Компания сайтына құжат жүктеген 884 жастың ішінен 162 жас іріктеліп, тестілеуге жіберілетін болды. Конкурс ережесіне сәйкес іріктеу және таңдау, сынақ өткізу жұмыстары 2022 жылдың қаңтар айында өткізілетін болып жоспарланды. Іріктеу нәтижесінде жоғары нәтиже көрсеткен 34 жас «техник-геолог», «техник-механик» «экономист» «еңбек жөніндегі техник» мамандықтары бойынша «аутсафтинг» ұйымына жұмысқа қабылданатын болады.

ҚРПрезидентінің Жолдауындағы Цифрландыру бағыты бойынша Еңбек қатынастарын реттеу, іс қағаздарын цифрландыру бойынша әртүрлі әдістер, технологиялар мен бағдарламаларға талдау жүргізіліп, тиімділігі зерттелуде. Сонымен қатар, келесі жылы қаламыздың арнайы білім беретін колледждерімен бірлікте Дуалды оқыту жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр. Дуалды оқыту студенттерді өндіріс пен оқуды кезектестіре отырып, мамандығын жоғары деңгейде игеруге мүмкіндік беретін тәсіл болғандықтан үлгерімі жоғары студенттердің білім мен тәжірибені меңгеруге ат салысатын боламыз.



<https://www.facebook.com/OzenMunayGaz/>

Маркшейдерлік және топографо-геодезиялық қызметі мамандарының 2021-жылы атқарған жұмыстары

Маркшейдерлік және топографо-геодезиялық қызметінің мақсаты «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның мұнай және газ өндіру жоспарының орындалуына және өндірістегі нысаналар мен инфрақұрылымдарды жайластыру, геодезиялық өлшемдері мен сызбаларын жүргізу және картографиялық құжаттарды жасақтау жұмыстарымен қамтамасыз ету.

Ағымдағы жылда өндірістік нысаналар мен инфрақұрылымдарда жүргізілген негізгі жұмыстары бойынша кейбіріне тоқталатын болсақ:

- жаңа ұңғымаларды бұрғылау жұмыстары үшін мұнайгаз өндіру басқармаларының геология және геофизика, өндірістік техникалық бөлімшесі, энергетиктер мамандарымен бірге ұңғылардың орналасу орындарын таңдау, бекіту және қайта өлшеу;
- құрылыс үшін жер таңдау жұмыстарымен қатар құрылыс алаңдарында жобалық-смета құжаттарын жасақтауға технологиялық транспорт басқармасының автотұрағына;
- алаңдардағы 3 байланыс

мұнаралары;

- асфальто-битум зауытына;
- «Глинзавод» и «Восточная» қосалқы станцияларының тарату тораптарына;
- Автоматика Телекоммуникация Басқармасы бақылау өлшеу аспаптары және автоматика ғимаратына; мұнай дайындау және жөнелту цехының қазанына;
- МГӨБ автожолын жарықтандыруына;
- АТБ №3 өндірістік энергетика қызметінің әкімшілік ғимаратына;
- ТҚ-85 және ТҚ-110 мұнай қалдықтар алаңы;
- Альбсеноман ұңғыларының құбырлары құрылысына;
- ӨМС алаң бұрыштарын бекіту; жаңа ұңғы құбырлары бағыттарын таңдау және құраласынан соң орналасуын өлшеу;
- Жер асты жабдықтарын диагностикалау және жөндеу цехы шаруашылық ғимараты мен асханасына;
- өндірістік техникалық қамту және жабдықтармен жинақтау басқармасы металл сынықтарын жинақтау учаскесі мен жанармай құйу бекетін кеңейту жобасына;
- мұнай дайындау және өндіріске қызмет көрсету басқармасы орталық техникалық су тасымалдау құбырына;
- шоғырланған сораптар стансасының су қыздыру нысанын қайта құруға; МГӨБ автожолын жарықтандыруына және



де тағыда басқа өндірістік, әлеуметтік объектілерінің құрылыстарына белсене қатысуда.

- Жерге орналастыру және жер құжаттарын рәсімдеу жұмыстары бойынша «Өзен» кенорнына өзгеруіне байланысты; технологиялық транспорт басқармасының автотұрағы үшін; ем сауықтыру орталығы

жерін тапсыру жұмыстары жүргізілді.

Қоғамға қарасты құрылымдық және өндірістік құрылымдық бөлімше қызметтерін маркшейдерлік және топографо-геодезиялық жұмыстарымен қамтамасыз ету Қызмет тарапынан тұрақты жүргізілуде.

МҰНАЙ ӨНДІРУ ҚАРҚЫНЫ АРТУДА



Игеру департаментіне қойылған басты міндеттердің бірі – қабат өнімділігін арттыру. Осы бағытта ҚСАЖ технологиясын ұтымды қолдану үшін жылма-жыл жан-жақты жұмыстар жүргізілуде.

Жыл сайын компания бойынша мұнай өндірудің жобалық көрсеткіштерін орындау мақсатында 200-дей ұңғы қазылады. Жаңа ұңғыны сапалы қазумен қатар, одан экономикалық тұрғыда тиімді өнім алу - геолог мамандарының негізгі міндеті болып табылады. Бұл тұрғыда кенорынның ескілігін, өнімділігі жоғары аймақтардың сулануын ескере келе, жаңа аймақтарды табу, бірнеше уақыт бұрын қазылса да, сол кездегі технологияның деңгейіне қарай пайдалану, мүмкіндігі шектеулі

болған қабаттарды қайта ашу мақсатында соңғы жылдары үлкен істер атқарылуда. Сондықтан да 2021-жылы 137 өндіру ұңғысы қазылған болса, оның 80% коллекторлық қасиеті төмен аймақтарда қазылып, 109 ұңғы ҚСАЖ технологиясын қолдану арқылы іске қосылды.

Мұнай өндіру деңгейі бойынша «Өзенмұнайгаз» АҚ мұнай өндіруші компаниялардың алдыңғы қатарында. Қозғалыстағы ұңғы қоры 4787 ұңғыны құрайды, оның ішінде су айдау қоры 1091. Айта кету керек, ауыспалы қордың мұнай қарқынын арттыру мен қатар бірқалыпты ұстау мәселесі - күрделі мәселе. Бұл ретте соңғы 18 жылдан бері жүргізіліп келе жатқан ҚСАЖ технологиясының өзіндік

Өткізгіштігі төмен қабаттардан мұнай өндіру қарқыны артуда

Өзен және Қарамандыбас кенорындарының бір ерекшелігі бар – ондағы өнімді қабаттар біртекті. Мұнай қорының негізгі бөлігі өткізгіштігі жоғары қабаттарда жиналса, өткізгіштігі төмен немесе орташа қабаттарда бұл көрсеткіш сәйкесінше 14% және 27%-ды құрайды. Қазіргі таңда мұнай кенорындары бойынша игерілетін қордан 400 мың тонна мұнай өндіріліп, игеру көрсеткіші 77%-ға жетті. Игерілген қордың басым бөлігі Өзен кенорнының негізгі кеніштеріне тиісті. Солай дегенмен де қазір күмбездер мен кенорынның шет аймақтарындағы өткізгіштігі төмен қабаттарға жаңа ұңғылар қазылып, өнімі қабатты су арынымен жару (ҚСАЖ) технологиясын қарқынды қолдану арқылы өндіріліп келеді.

орны бар. Жаңа ұңғылардан басқа 2021 жылы ауыспалы қордың 117 ұңғысында ҚСАЖ технологиясы жүргізілді. Соңғы 5 жылдың өзінде ҚСАЖ технологиясын жүргізу арқылы қосымша өндірілген мұнайдың жалпы көлемі 6,7 млн. тоннаны құрайды.

Осы уақытқа дейін негізгі кеніштерден басқа Құмұрын, Парсымұрын және Сол-түстік-батыс күмбездерінің қорын игеру - қабаттардың коллекторлық қасиетіне байланысты шектеулі болса, қазіргі таңда бұл аймақтарда қарқынды игеру үрдісін қалыптастырудың негізі осы ҚСАЖ технологиясымен байланысты.

2019-жылдан бастап, қабаттың өзіндік ерекшеліктеріне қарай дәстүрлі ҚСАЖ технологиясын жасау мүмкін емес ұңғыларға скин-ГРП технологиясы өндірістік қолданылысқа енгізілді. 2021-жылы 120 ұңғыда скин-ГРП технологиясы жүргізілді. Технологияның ерекшелігі – су қабаттары жақын, немесе өткізгіштігі

жоғары қабаттармен аралас біткен төмен өткізгішті қабаттардағы қалдық мұнай қорын ұтымды пайдалануға бағытталған.

2021-жылдың 11 айында ҚСАЖ технологиясын қолдану арқылы 425 мың тонна қосымша мұнай өнім өндірілді, оның ішінде 172 мың тонна мұнай өнімі бұрғылаудан шыққан ұңғыларда, 198 мың тонна қозғалыстағы қор бойынша және 55 мың тонна скин-ГРП қолдану арқылы жетіп отыр. Кенорынның 2036-жылға дейінгі есептелген мұнай өндіру коэффициентін арттыру бағытында ҚСАЖ технологиясының үлесі +3,6% құрайды, немесе 42 млн. тонна мұнай өнімі. Сондықтан да ескіріп бара жатқан ұңғылар қорын есепке алып, оған қоса ҚСАЖ технологиясын жүргізетін кандидат ұңғылар санының азаюы жағдайында технология тиімділігін арттырып, қосымша мұнай өндірудегі қарқынын жоғалтпау - Игеру департаментінің басты міндеттемелерінің бірі болып саналады.



«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ



Өзен 5

КӨЛІК ШАРУАШЫЛЫҒЫ - ӨНДІРІСТІҢ КҮРЕТАМЫРЫ

Көлік және арнайы техниканың өндірістің материалдық ағындарын байланыстыратын күретамыры екендігі белгілі. Көлік қызметтерінің ырғақтылығы мен сапасы кәсіпорынның жалпы тұрақтылығы мен тиімділігін айқындайды. Бір сөзбен айтқанда, көлік операциялары өндірістік процестің маңызды бөлігі болып табылады.

Есептік теңгерімде 1400-ден астам арнайы техникалары бар «ӨМГ» АҚ-на қарасты №№1,2,3,5 СҚКБ, ТТБ, АТБ, ХжЭБ және БЖБ транспорттық құрылымдық басқармалары сұраныстар бойынша арнайы техникалармен тәулік бойы үздіксіз қамтамасыз етуде.

Департамент осы жылдар ішінде бірталай экономикалық тиімді нәтижелерге қол жеткізді. Мысалға, қосалқы бөлшектермен қамтамасыз ету жұмыстарына «Alliance Motors Kazakhstan» ЖШС және «West Real Service» ЖШС-терімен ұзақ мерзімді келісім-шарттар жасқалып, арнайы техникалардың жөндеуде тұру күндерін азайтуға жағдайлар жасалды.

Азаматтық қорғаныс заңнамалары талаптарына және амортизациялық мерзімін өтеген техникаларды жаңғырту іс-шараларына сай жыл сайын бюджетте тиісті қаражат қарастырылып келеді.

Осы мақсатта көлік департаменті және сатып алу, логистика департаменттерімен, «Самұрқ-Қазына» ӘАҚ» АҚ-мен біріге отырып, сатып алу процедураларын өткізіп, 83 бірлік техника сатып алуға келісім шарттар жасқалды, соның ішінде 66 бірлік отандық тауар өндіруші зауыттармен.

«ӨМГ» АҚ бас директорының қолдауымен бірнеше қызметкерлер аталған зауыттарға барып, өндірістермен танысып қайтты.

Атап өтсек, Қостанай қаласында орналасқан «СарыАрқаАвтоПром» ЖШС өндіретін JAC пикап жеңіл көліктерімен танысуға БЖБ-нан жүргізушілер Б.Берниязов, М.Рахметов, ТТБ-дан ӨТБ бастығы М.Нұрбаев, жүргізуші М.Сәттіғұлов және көлік департаменті аға инженері А.Тулаев барып келді.

№2СҚКБ-дан автотізбек бастығы Б.Ахметов, №5СҚКБ-дан транспорт жөніндегі аға механигі Т.Тұрсабеков, БЖБ пайдалану бөлімінің аға шебері А.Қарғаев және көлік департаментінің директоры Б.Бегжанов Көкшетау қаласында орналасқан «КамАЗ-Инжиниринг» АҚ өндіретін КамАЗ шассиіндегі әр түрлі арнайы техникалармен танысты. Сонымен қатар «КамАЗ-Инжиниринг» АҚ басшылығымен бәсекелестік (конкуренттік) келіссөздерге қатысу туралы жиындар өткізіп келді.



Бауырлас Татарстан Республикасында орналасқан Алабұға (Елабуга) автомобиль зауытының Қазақстан Республикасындағы ресми дилері боп табылатын «Акто-бенефтегазоборудование» ЖШС-мен 12 бірлік АПРС-40 көтергіш агрегатын әкелуге келісім-шарт жасқалды.

АПРС-40 көтергіш агрегаттарын жасау процесімен танысуға №1СҚКБ ӨТБ бастығы Қ.Хожағалиев, БЖБ автотізбек механигі С.Тілеумағанбетов және бас директорының транспорт және әлеуметтік сұрақтары жөніндегі орынбасары А.Бәшенов «Алабұға» автомобиль зауытына барып, өндірісімен танысып шықты.

«ӨМГ» АҚ мамандары тарапынан жасалынып жатқан көтергіш агрегаттарға, машинистерге тиімді етіп, 26 конструкциялық өзгерістер енгізуге ұсыныс берілді. Келіссөз жүргізу нәтижесінде «ЕлАЗ» басшылары тарапынан 12 ұсыныс қабылданып, көтергіш агрегат конструкцияларына өзгерістер енгізілді. Қалған ұсыныстар әр түрлі жобалау жұмыстары және бағалары өзгеруіне әкеліп соқтыратынына байланысты келесі жылдары қарастырылатынына хаттама жасқалды.

2021-жылдың аяғына келісім-шарттар жасқалған 83

арнайы техникалардың ішінде 1-масловоз, 10-ЖАС пикап, 5-фронталдық гидротиегіш, 2-К-744 тракторы, 1-баровая машинасы әкелінді. 2021-жылдың аяғына дейін 7-Вектор Некст автобусы, 12-АПРС-40, 2-вахталық автобус, 4-самосвал, 1-автокран және 1-трал арнайы техникалары әкелінуі жоспарлануда.

АСК, шыбық тасығыш, АТЗ, АЦПТ, АРОК, АСР, АОП, шасси КамАЗ келісім-шартта көрсетілген мерзімдерде әкелінеді деп күтілуде.

Сонымен қатар ұзақ мерзімді жөндеу жұмыстарына тұрып қалмау, жүргізушілердің әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерін шешуге, техникалардың пайдалану және дайындық коэффициенттерін көтеріп, өндірісті қосымша техникалармен қамтамасыз етуге мүмкіншілік туындайды.

Қорыта айтқанда 2021-жылы «ӨМГ» АҚ-на қарасты көлік басқармалары өздеріне жүктелген жоспарларды ойдағыдай орындап, акционерлік қоғам бойынша мұнай және газ өндіру жоспарын орындауға өздерінің мол үлесін қосты.

Скважиналарды ағымдағы жөндеу департаменті атқарған жұмыстар

Қазіргі таңда Өзен және Қарамандыбас кен орындарында 97 жерасты жөндеу бригадалары қызмет атқаруда. Оның ішінде Қоғамға тиесілі 79 бригада. Осы бригадалардың жұмысының сапасын арттыру және ұңғымалардың жөндеуаралық кезеңін (әрі қарай-ЖАК) жыл сайын ұзартып, белгіленген межеге жету мақсатында, көптеген жұмыстар атқарылды.

Атап айтқанда: 2020-жылдың қорытындысы бойынша ұңғымалардың ЖАК-ін ұзартқан ЕХРЕ ішкі қаптамасы төсеп жағылған құбырлар (футерованный НКТ) жақсы нәтиже көрсетті. Осы құбырлардың 220 000 метріне 2021-жылға келісім-шарт жасқалып, 200 скважинаға

түсірілді. Талдау қорытындысы бойынша, скважиналардың жөндеуаралық кезеңі 40 күннен 117 күнге өсті.

Сонымен қатар, жерасты жөндеу бригада операторларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, 2021-жылы ЭТА-60 құбыр элеваторының 89 данасына келісім-шарт жасқалып, бригадалар толықтай қамтамасыз етілді.

2021-жылдың қорытындысы бойынша, скважиналардың ЖАК-і 115 күннен 120 күнге өскені байқалды.

Алдағы 2022-жылы скважинаның ЖАК-і ұзарту мақсатында, беріктік тобы өзгертілген 3 түрлі шыбықтарға



өндірістік сынақтар жүргізілу жоспарлануда.

Жоғарыда атап өткендей, скважиналардың жөндеуаралық

кезеңін ұзартуға және жерасты жөндеу бригадаларының жұмыстарын оңтайландыру мақсатында, Қоғам тарапынан

көптеген жұмыстар атқарылуда және алдағы уақытта осындай жұмыстар жүргізіле беретін болады.



<https://www.facebook.com/OzenMunayGaz/>

ТЕЛЕБАЙЛАНЫС ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ - КӘСІПОРЫН НАЗАРЫНДА

Телебайланыс инфрақұрылымын жаңа технологияларға сай үнемі жаңғыртып отыру - компанияның тұрақты назарындағы мәселе, өйткені телебайланыс инфрақұрылымын жаңғырту – заманауи компанияны дамытудың маңызды шарты.

2021 жылдың өндірістік бағдарламасына сәйкес «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның телебайланыс инфрақұрылымына қолданыстағы Cisco телефон стансасының IP бағдарламалық-аппараттық кешенін қолданыстағы лицензиялар санын кеңейту мақсатында, сондай-ақ өндірістік аймақтағы жұмыс орындарындағы сандық телефон байланысымен қамтамасыз ету және аналогтық байланысты алмастыру мақсатында жаңғырту жұмыстары жүргізілген болатын. Телебайланыс инфрақұрылымын жаңғырту – заманауи компанияны дамытудың маңызды шарты. Жабдықтар мен құрамдас бөліктер істен шығып қана қоймайды, олар сапалық жағынан ескіріп отырады, өйткені технологиялық прогресс адам айтқысыз жылдамдықпен дамуда. Акционерлік қоғамның қажеттілігі күннен күнге өсуде, абоненттер саны мен жасалатын шақырулар саны да көбеюде, қосылыстардың сапасын желілердің жүктемелігінен тәуелділігіне қарамастан жоғары деңгейде қолдау, жаңа міндеттердің, атап айтқанда екінші шақыру, ұжымдық шақыру, бейнешақыру сияқты, пайда болуына байланысты үйреншікті функционалды кеңейту міндеттері тұр. Телефонияны ұйымдастыру мақсатында технологиялық шешімдерді жетілдіру - осы және басқа да келелі мәселелерді шешуге қабілетті. Дәл осы себепті телебайланыс инфрақұрылымын жаңғырту заманауи кәсіпорынға аса қажетті. Осы мақсатта акционерлік қоғамға жалпы саны 1300 абоненттік телебайланыс инфрақұрылымын жеткізіп, оны монтаждау-реттеу жұмыстарын жүргізу қажет болды. Жұмыс бары-



сында кенорынның барлық ӨҚБ, шалғайдағы цехтарында, базаларындағы бұрынғы үлгілер озық буынды жаңа үлгідегі IP телефон аппараттарымен алмастырылды.

Бейнеконференция байланыс жүйесін жаңғырту Коронавирус пандемиясына байланысты бейнеконференция байланысы бұрынғыдан да маңыздырақ сипатқа ие болды, ал карантин шараларының қатаюына байланысты оның маңыздылығы одан да арта түсті. Осы себепті, яғни коронавирусты жұқтырып алу қаупінен, көзбе көз қарым-қатынастардан көрі бейнеконференция сеанстары көбірек қолданыста болатыны анық. Сондықтан да қолданыстағы бейнеконференция жүйесін ПСП арасында және «ҚазМұнайГаз ҰК» АҚ-ның басқа компанияларының арасында бейнеконференция ұйымдастыру үшін бейнеконференция жүйесінің серверін жеткізуге келісім-шарт жасакталды. Өйткені бейнеконференция жүйесі қазіргі

таңда «ҚазМұнайГаз ҰК» АҚ, АО ФНБ «Самрук-Казына» сынды жетекші компаниялармен қашықтағы түрде өндірістік онлайн режимінде бір мезгілде 64 абонентпен кеңестер өткізуде, сондай-ақ он-лайн режимінде қызметкерлерді оқыту барысында, басқа ұйымдармен келіссөздер жүргізу барысында және т.б. кездерде белсенді түрде қоладынылады. Осы мақсатта қолданыстағы көнерген бейнеконференция жүйесін жаңа талаптарға сай, яғни көптеген функциоанлдары бар (full HD) «Cisco Unified Communication Manager» жүйесіне көшіру жұмыстары жасалды.

50 метрлік діңгек антеннаның құрылысы

Компанияда соңғы екі жыл ішінде телебайланыс саласында болған жаңалықтарды баяндаған кезде 50 метрлік діңгек антеннаның құрылысы туралы айтпау мүмкін емес. Бұл діңгек антеннаның инфрақұрылымы, жабдықтары және резервтік қуат көзі туралы айтатын болсақ, ол негізінен қашықта орналасқан нысандардан (ЗУ,ТҚ, ұңғылар) SCADA телеметриясының көрсеткіштерін нақты уақыт режимінде берілуін және мұнай мен газ өндірудің мұрағаттық көрсеткіштерін талдауды қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ Kcell, Beeline, басқа да ұялы байланыс операторларының қызметін тұрақты ету мақсатында қажет.

Инфрақұрылымы мен жабдықтарымен бірге 50 метрлік діңгек антеннаның құрылыс жұмыстарының аясында бірқатар шаралар жасалды, атап айтқанда он-лайн және резервтік электрмен жабдықтау, климат бақылауды қолдауға кондиционер, автоматты жылытқыш, жабдықтарды салатын контейнер, байланысқа арналған жабдықтар, бірнеше километр радиустағы алаңшаны он-лайн қарайтын басқарылмалы көп еселі зумы бар бейне-камералар орнатылды.

Әлеуметтік-әкімшілік жұмыстары өз деңгейінде

«Өзенмұнайгаз» АҚ өз жұмысшыларымен және қызметкерлерімен тығыз байланыста дамып келеді. Қуанышпен қайғысына ортақтасып ұжымдық шарт бойынша әлеуметтік көмек көрсетілуде. 2021жылды қорытындылай келгенде ұжымдық шартқа байланысты 356 400 345,00 теңге қаржылай көмек берілді.

«Өзенмұнайгаз» АҚ жыл сайын мәдени-спорттық шараларға шамамен 146 миллион теңге бөледі.

2020-2021 Қазақстан Республикасындағы коронавирустық инфекция жағдайына байланысты көптеген мәдени және спорттық іс-шаралар қысқартылды. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Маңғыстау мұнайының 60 жылдығын мерекелеуге 113 миллион теңге бөлінді, алайда өңірдегі эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауына байланысты мерекелік шаралар өткізілмей қалды.

Жаңаөзен қаласындағы мемлекеттік мұрағаттың типтік ғимаратын салу шығындарын қаржыландыру үшін



155 млн. теңге

— мектеп-интернатының Жаңаөзен лицейінің ғимаратын ағымдағы жөндеуге және құрал-жабдықтармен жабдықтауға - «Білім инновация» - 370 млн. теңге

— электр энергиясын үздіксіз өндіруді қамтамасыз

ету үшін «Өзенжылу» МКК шағын ЖЭО жаңғыртуға – 216 млн. теңге

— құрал-жабдықтарды сатып ала отырып, «Мұнайшы» мәдениет сарайын ағымдағы жөндеуге жұмсалатын шығындарды қаржыландыру үшін – 400 млн.теңге



«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ



Мақсатымыз – өндірісте қауіпсіздік мәселелерін көтеру

«Өзенмұнайгаз» АҚ-ы, Қазақстан Республикасы бойынша мұнай және газ кешені саласында ірі компаниялардың бірі болып табылады.

«Өзенмұнайгаз» АҚ-ның басты құндылықтарының бірі – өндірістік аймақтарда қауіпсіз еңбек жағдайын жақсарту, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану болып табылады.

10.09.2021 жылы өткізілген «ҚазМұнай-Газ» ҰК АҚ-ы бойынша еншілес және тәуелді компаниялар арасында VI жыл сайынғы Бас директорлардың қауіпсіз тұрақты даму жолындағы Форумында, «Өзенмұнайгаз» АҚ-ы «Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы үздік көрсеткіштері үшін» атты номинациясын ие болды.

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар Министрлігінің өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің ұйымдастыруымен, 28.11.2021 жылы Орал қаласында батыс Қазақстан бойынша «Мұнай-газ өндірісімен, сондай-ақ ұңғыларды салумен және жөндеумен айналысатын ұйымдардың қауіпті өндірістік объектілеріндегі өнеркәсіптік қауіпсіздіктің жағдайы» тақырыбындағы өткізілген семинар Кеңесіне (әрі қарай – Кеңес) «Өзенмұнайгаз» АҚ-ы қатысты. Осы аталған Кеңесте өнеркәсіптік қауіпсіздік жағдайын жақсарту бағытталған көптеген сұрақтары талқыға салынды және 2022 жылға арналған жұмыс жоспары нақтыланды.

Қазақстан Республикасының 11.04.2014 жылғы «Азаматтық қорғау» туралы заңының 76 бабына сәйкес, «Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар Министрлігінің өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесіне «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның қауіпті өндірістік объектілерінің декларациясын тіркеп және оған 15.09.2021 жылы 21-21.01.007579-НГД шифр берілді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 11.04.2014 жылғы «Азаматтық қорғау» туралы заңының 16 бабының, 3 тармағы, 14 тармақшасына сәйкес,

«Өзенмұнайгаз» АҚ-ның қауіпті өндірістік аймағындағы қызмет етуінің нормативтік мерзімі біткен техникалық құрылғыларды уақтылы жаңартуды қамтамасыз ету бойынша 2021 жылға іс-шара бекітіліп, жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде.

Қоғамға қарасты №1,2,3,4 МГӨБ-ның тербелмелі қондырғыларын өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары сәйкестендіру бойынша 2021 жылы жоспар бойынша 299 тербелмелі қондырғыдан тұратын іс-шарасы бекітіліп, нақты орындалысы 306 тербелмелі қондырғысы өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары сәйкестендірілді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 06.06.2016 жылғы №9239 «Өндірістік бақылауды жүзеге асыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы негізінде, Қоғамның өндірістік объектілерінің еңбек жағдайлары бойынша өндірістік нысандарда санитарлық ережелер мен нормаларын сақталуын бақылау бойынша оң нәтижелі жұмыстары жүргізілді.

2021 жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның өндірістік құрылымдық басқармаларында 4 ауыр жағдайдағы жазатайым оқиғасы тіркелді. Бұл жазатайым оқиғалар өткен жылғы оқиғалармен салыстырғанда 20% азайып отыр.

Компанияда қызметкерлерді еңбек міндеттерін атқарған кезде жазатайым жағдайлардан міндетті сақтандыру қызметі де бар. Өндірістік аймақта қандай да бір жазатайым жағдай болса барлық 9 509 қызметкердің өмірі сақтандырылған.

Заман талабына сай GPS құрылғысымен компаниядағы 1 433 автокөліктің 100 пайызы қамтылған. Бұл құрылғы негізінен 3 жыл сайын арнайы тексерістен өткізілуі тиіс. Компания көліктеріне орнатылған GPS әр жылдары алынғандықтан тексеріс барлығына бірдей жыл сайын жүргізіліп отыр.

Осы құрылғы арқылы жылдамдық режимін асыру көрсеткіштері үнемі бақылауда. Өткен жылмен салыстырмалы түрде қарастырсақ:



2021-жылдың қорытындысы бойынша өндірістік бағдарлама аясында барлығы 4 млрд. жуық қаражат жұмсалды. Бұл дегеніміз қоршаған ортаны жақсартуға көп көңіл бөлініп жатыр деген сөз.

Мәселен, қоршаған ортаны қорғау және радиациялық қауіпсіздік департаментінің атқарылған басты жұмыстарға келетін

болсақ:

- Қоғам аумағын ластанулардан тазарту аясында, яғни мұнай өндіру процесі кезінде жаңадан пайда болған 6 мың тоннадан астам мұнай аралас топырақты Химия және экология басқармасының KASC-30 қондырғысында өңделуі;

- Барлық өндірістік құрылымдық бөлімшелерден шығарылған 500 тон-



- 2020 жылы 3 360 жылдамдық режимін асыру фактісі тіркелген;

- Ал, 2021 жылдың 11 айы қорытындысы бойынша 361 жылдамдық режимін асыру фактісі тіркеліп отыр, яғни көрсеткіштер шамамен 100 пайызға есе азайып отыр.

Қоғам бойынша өндірісте апаттардың алдын алу және болған жағдайда дер кезінде іс қимылдар жүргізу мақсатында әр түрлі масштабты жұмыстар жүргізіледі. Бұл жұмыстардың бір бөлігі төтенше жағдайлар қаупі кезінде және олардың алдын алудың іс-қимылдары бойынша өткізілетін оқу жаттығу болып табылады.

Бекітілген кестеге сәйкес, жыл басынан Қоғамның өндірістік құрылымдық басқармаларында командалық штабтық, арнайы тактикалық және өрт тактикалық оқу жаттығулары өткізілді. Жыл басынан бері еңбек және өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша бірқатар оқу-жаттығулары өткізілді. Оның ішінде жер сілкінісі, террористік акт, өрт, су тасқыны кезіндегі және АЦН арнайы техникасы аударылған кездегі химиялық реагенттің төгілуі, скважинаны ұштақпен (перо) жуу кезінде газ және мұнай шығуын жою, УН-02 пеш иіртүтігінің жарылуы сынды кездегі қызметкерлердің іс-әрекеті сыналды.

«Өзенмұнайгаз» АҚ-да жұмыс уақытында жұмыскерлердің қауіпсіздік іс-қимылды бақылау бойынша және

жүргізушілердің қауіпсіз іс-қимылын бақылау бойынша бірқатар жұмыстары жүргізіліп келеді. Аталған жұмыстар Қоғам бойынша бекітілген кестеге сәйкес жүргізіледі.

Жұмыс уақытында жұмыскерлердің қауіпсіздік іс-қимылды бақылау бойынша жұмыстардың 2021 жылдың 11 айындағы нақты орындалысы – 5 413 бақылауды құрап отыр.

Жүргізушілердің қауіпсіз іс-қимылын бақылау бойынша жұмыстардың 2021 жылдың 11 айындағы нақты орындалысы – 2 050 бақылауды құрап отыр.

Бұның барлығы еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қызметкерлерінің өз қызметтік міндеттерін нәтижелі ұйымдастыруымен біткен ша-руа.

Сонымен қатар, өндірістегі қауіпсіздік мәселесін көтеру мақсатында нормативтік құжаттар, нұсқамалар үнемі жаңартылып отырады.

Негізінен еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік қызметінің басты мақсаты еңбекті қорғау жөніндегі жұмыстарды жоспарлау, жұмыс нәтижесі көрсеткіштерін есепке алу, талдау және бағалау болып табылады. Осы бағытта «Өзенмұнайгаз» АҚ ұжымы тарапынан нақты іс-шара жоспары жасақталып, қыруар шаруа атқарылды және де бұл жұмыстар әрі қарай жалғаса бермек...

Табиғат - ортақ үйіміз

на көлемінде тұтыну және өндірістік қалдықтары мердігерлік мекеме күшімен жойылуы;

- 10 мың тонна мазутты топырақ, асфальт-смолалы парафинді түзілімдер, мұнай қойыртпақтары сынды ағымдағы өндіріс қалдықтарының мердігерге өңдеуге тапсырылуы;

Тарихи ластануларды жою мақсатында, яғни меморандум аясында «Өзенмұнайгаз» АҚ-на өңдеуге берілген 11 қалдық жинағыштарда орналастырылған қалдықтарды жою жұмыстары жалғасын тауып, ұзақ мерзімді іс-шараларға сәйкес, ағымдағы жылда 223 мың тонна, оның ішінде, «Ә.Б. Бектұров атындағы химия ғылымдары институты» АҚ-мен 123 мың тонна, ал мұнай аралас топырақты биологиялық әдіспен өңдеу бойынша «Таза су» ЖШС-мен 100 мың тонна мұнай аралас топырақтың өңделіп, 11 қалдық

жинағыштардың екеуінің толықтай жойылуы;

- Радиациялық қауіпсіздікті жақсарту мақсатында, химияландыру және экология басқармасына қарасты радиациялық қалдықтарды уақытша сақтау алаңында орналастырылған 8 мың тонна радиоактивті металл қалдықтарына де-зактивация (залалсыздандыру) жұмыстарының жүргізілуі;

- 2014 жылдан бастап, Қоғам Өзен және Қарамандыбас кен орындарын санитарлық-экологиялық талаптарға сәйкестендіру қызметтерінің аутсорсинг қызметін бүгінгі күнге дейін жүзеге асырып келе жатырғанын да алға тартады.

Сонымен қатар, ағымдағы жылдың 1-шілдесінен бастап, жаңа 02.01.2021-жылғы ҚР Экологиялық Кодексінің күшіне еніп, осы бағытта жұмыстарды жүргізіп жатырғанын баян етеді.



<https://www.facebook.com/OzenMunayGaz/>



«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

Мақсатымыз — құқықты қамтамасыз ету

Құқықты қамтамасыз ету департаментінің негізгі қызметі – Қоғам жұмысын қолданыстағы заң талаптары аясында жүргізу және қамтамасыз ету болып табылады.

Сонымен қатар, мемлекеттік бақылау және қадағалау, құқық қорғау, сот органдарында Қоғамның заңдық құқықтары мен мүдделерін анықтап, оның тиісті деңгейде қорғалуы да департамент еншісінде. Бұдан бөлек департаментке қатысты ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес өзге де жүктелетін көптеген жұмыстарды атқарады.

Ағымдағы жылы, Құқықты қамтамасыз ету департаментінің атқарған жұмыстардың кейбіріне тоқталып кетейік.

1. Қоғам мен мердігерлік мекемелер арасында жасақталған келісім-шарттарда көзделген міндеттемелер орындалмай немесе толықтай орындалмай, контрагенттер тарапынан шарт талаптарын бұзғаны үшін, департамент тарапынан мердігерлік мекемелерге 228-ден астам айыппұл салу жөнінде сынталап жұмыстары жүргізіліп, Қоғам пайдасына 1 000 000 000, 00 теңгеге жуық айыппұл сомасы өндірілді.

2. Сонымен қатар, департаментпен сот органдарына 37 талап арыз беріліп, контрагенттерден Қоғам пайдасына 1 000 000 000, 00 теңгеден астам сома өндірілуі жұмыстары жүргізілуде.

3. Ағымдағы жылы, мердігер ұйымдар мен жеке тұлғалардан Қоғамға қатысты 32 арыз-шағым түсіп, оның 94% Қоғам пайдасына шешілді.



4. Есептік кезеңде 1 572-ге жуық келісім-шарттарға, қосымша келісімдерге және меморандумдарға құқықтық сараптама жасақталды.

Қоғамға қарасты 28 құрылымдық және 17 өндірістік құрылымдық бөлімше қызметтерін құқықпен қамтамасыз ету жұмыстары департамент тарапынан тұрақты жүргізіліп келеді.

Күрделі жөндеу, құрылыс жұмыстары басты назарда



«Өзенмұнайгаз» АҚ-ның күрделі құрылыс департаменті күрделі жөндеу және құрылыс, жобалау-іздістіру жұмыстары бөлімінен және жобалар мен сметаларды жасау тобынан тұрады.

Қазіргі уақытта департаментте 19 қызметкер жұмыс істейді. Оның ішінде 11 адам күрделі жөндеу және құрылыс, жобалау-іздістіру жұмыстары бөлімінде, ал 8 адам жобалар мен сметаларды жасау тобында жұмыс істейді.

2020 жылы күрделі құрылыс бойынша 16

келісім-шарт, күрделі жөндеу бойынша 39 келісім-шарт, ал жобалау-іздістіру жұмыстары бойынша 36 шарт жасақталып, жұмыстары жүзеге асырылды.

2020 жылы күрделі құрылысқа жалпы сомасы 17 324 086,312 мың. теңге қарастырылып, құрылыс-құрастыру жұмыстары толықтай аяқталды.

2020 жылы күрделі жөндеуге күрделі жөндеуге 2 055 735,554 мың. теңге қарастырылып, күрделі жөндеу жұмыстары толықтай аяқталды.

2020 жылы жобалау-іздістіру жұмыстарына

қарастырылған 231 028,457 мың. теңге 100 % орындалды.

2021 жылы күрделі құрылыс бойынша 16 келісім-шарт, күрделі жөндеу бойынша 83 келісім-шарт, ал жобалау-іздістіру жұмыстары бойынша 40 шарт жасақталып, жұмыстары жүзеге асырылуда.

2021 жылы күрделі құрылысқа жалпы сомасы 18 731 043,252 мың. теңге қарастырылған, құрылыс-құрастыру жұмыстары жылдың аяғына дейін орындалады.

2021 жылы күрделі жөндеуге күрделі жөндеуге 3 049 201,675 мың. теңге қарастырылып, қазіргі таңда орындалысы 100 %.

2021 жылы жобалау-іздістіру жұмыстарына қарастырылған 304 062,390 мың. теңге қарастырылған, құрылыс-құрастыру жұмыстары жылдың аяғына дейін орындалады.

Күрделі құрылыс департаментінің Жоба және смета жасақтау бөлімі 2021 жылы ««Өзенмұнайгаз» АҚ БЖБ-ның қолданыстағы Жөндеу-механикалық шеберханасы ғимаратын кеңейту» жұмыс жобасын жасақтап, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алды.

Төтенше жағдайлар департаментінің ескертулері бойынша 12 нысанға жұмыс жобалары жасақталды.

Күрделі жөндеу жұмыстары бойынша 96 нысандарға смета жасақталды.



«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

Меншік иесі: «Өзенмұнайгаз» АҚ
Редакция мекен-жайы:
Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қ.,
Сәтбаев көш, 3-үй, 426-кабинет

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінде есепке алынып, №15077-Г куәлігі берілген

Жобаның жетекшісі
Жұртшылықпен байланыс департаменті
Бас редактор **Бибігүл Бөбекбай**
Пошталық мекен-жай: Psdso@umg.kmgerp.kz
Журналист **Айнагүл Күшікбай**
Пошталық мекен-жай: zhzh-zhurnal@mail.ru
Сарша Сүгірәлі, gauhar.kenshilik@gmail.com

«АртДизайн» ЖШС
баспаханасында басылып шығарылды
130000, Қазақстан Республикасы, Ақтау қаласы 17 ша,
«Дукат» ғимараты, 1-мұнара, 0/3 кеңсе
Тел: +7 (7292) 525-500
Таралымы: 3000 дана
Газет 2016 жылдың тамыз айынан шыға бастады
айына бір рет шығады



<https://www.facebook.com/OzenMunayGaz/>